

KASE

АПТАЛЫҒЫ

21 – 25 Мамыр,
2018

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ Қазақстан қор биржасы (KASE) таяу уақытта KASE валюталық нарығындағы сауда-саттыққа брокерлік ұйымдар қатыса алатыны туралы [хабарлады](#).
- ▲ 2018 жылдың 21 мамырынан бастап "Фридом Финанс" инвестициялық компаниясы ААҚ "қор нарығының клирингтік қатысушысы" санаты бойынша клирингтік қатысушының мәртебесі берілді.
- ▲ 2018 жылдың 21 мамырынан бастап "Фридом Финанс" инвестициялық компаниясы ААҚ KASE бағалы қағаздарымен сауда-саттыққа [жіберілді](#).


ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі 21 мамырда 15 жылдық облигацияларды жылдық 8,46 % орналастыра отырып, Қазақстан қор биржасында 11,1 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ KEGOC (KEGC) 2017 жылға жай акциялары бойынша бір жай акцияға 40,13 теңгеден дивиденд төлегені туралы [хабарлады](#).
- ▲ КазТрансОйл (KZTO) 2017 жылға жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдағаны туралы [хабарлады](#). Бір жай акцияға дивиденд көлемі - 160 теңге.
- ▲ "Altyn Bank" АҚ ("Қазақстан Халық банкі" ЕБ АҚ) Fitch Ratings агенттігі банктің рейтингтік бағасын арттырғаны туралы және Rating Watch тізімінен шығарылғаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- ▲ "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы Fitch Ratings агенттігі қоғамның және оның облигацияларының рейтингтік бағасын растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- ▲ Kaspi.kz АҚ (KSPI) жай және (KSPIr) артықшылықты акциялары Қазақстан қор биржасында негізгі сауда-саттық алаңында "стандарт" санаты бойынша листинг процедурасынан [өтті](#).
- ▲ 25 мамырдан бастап "Досжан темір жолы (ДТЖ)" АҚ облигациялары KASE балама сауда-саттық алаңының "буферлік санатынан" "облигациялар" санатына [ауыстырылды](#).
- ▲ "Фридом Финанс" АҚ (FFINb3) облигациялары KASE балама сауда-саттық алаңының "облигациялар" санаты бойынша листинг процедурасынан [өтті](#).
- ▲ "Казкоммерцбанк" АҚ "Москоммерцбанк" КБ еншілес ұйымын ерікті түрде қайта құрғаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Standard Life" өмірді сақтаңдыру Компаниясы" АҚ Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы [хабарлады](#).
- ▲ АО "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру АҚ Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы [хабарлады](#).



KASE Индексі осы аптада төмендеді. Алғашқы сауда-саттық қорытындысы бойынша көгілдір фишкалар индексі 1,39% төмендеп, 2 497,55 нүктеге жетті. Индекске кіретін жеті акциялар атауының алты компоненті минуспен жабылды.

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



25.05.2018

Трендтер (%)

KASE Индексі	2 497,6	-1,4	3,3
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
БАСТ	53 623,1	1,18	0,6
Казхателеком	33 259,9	0,8	13,5
QAZKOM	105,0	0,0	-3,7
Газпром (Россия)	789,0	-0,13	3,4
Казхателеком (прив.)	12 153,0	-0,4	-0,4
Аэрофлот (Россия)	742,0	-0,4	-7,2
Народный банк	105,6	-0,9	4,0
KEGOC	1 417,0	-1,3	-0,8
Bank of America	9 928,4	-1,3	0,3
Kcell	1 600,0	-1,6	-3,8
КазТрансОйл	1 565,0	-1,9	0,4
АЗМ	10 718,5	-2,1	-4,4
Банк Астаны	875,3	-2,2	-9,5
Банк ЦентрКредит	294,3	-2,5	2,9
РД КазМунайГаз (прив.)	9 200,0	-2,6	2,1
KAZ Minerals	4 450,0	-2,8	9,1
Банк ВТБ (Россия)	0,3	-3,6	-3,6
Сбербанк (Россия)	1 173,1	-4,6	-2,0

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Аутсайдер позициясы осы аптада KAZ Minerals PLC акцияларымен нығайды, олар бір аптада 2,84% арзандады. Дүйсенбі күні тарихи шындарды жаңғыртқан соң өндірістік компанияның қағаздары бірден құнын жоғалта бастады. Табысты реттеумен байланысты түзетулер сондай-ақ мыс бағасының тіршама төмендеуіне сәйкес келді.


КазТрансОйл акцияларының бағасы 1,88% төмендеді. Бейсенбі күні "КазТрансОйл" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы болды, акционерлер 2017 жылға 61,5 млрд теңге дивиденд төлеуге шешім қабылдады, ол компания акцияларын Қазақстан қор биржасында барлық бұқаралық орналастырудың барлық кезеңінде рекордтық сома болып табылады. Бір жай акцияға дивиденд көлемі 160 теңгені құрады, немесе орналастыру бағасына 22 %. Жылдық дивиденд төлеу компанияның 2017 жылға қорытындысы бойынша компанияның жай акциялары бойынша 2018 жылдың 12 маусымындағы жағдай бойынша тіркелген дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізіміне сәйкес жүргізіледі. Дивиденд төлеу – 2018 жылдың 26 маусымынан басталады.




Қаржы нарығында теңгелік өтімділіктің қарыз мөлшерлемесі өсуі байқалады. Бір күндік валюталық своп бойынша кірістілігі 67 б.н. өсіп, 8,64% құрады. Мемлекеттік бағалы қағаздармен мерзімі бір күндік репо операцияларының кірістілігі 22 б.н. өсіп, жылдық 8,47 % дегейінде тоқтады.

Ұлттық Банк биржадан тыс жеті шығарылым ноттарын орналастырды, жалпы көлемі 1 387,4 млрд теңге. Жеті күндік ноттар шығарылымы бойынша жалпы көлемі 1 042,4 млрд теңгені құрады, кірістілігі жылдық 8,27% болды. 28-күндік ноттар бойынша кірістілігі жылдық 8,41% құрады. Жартыжылдық ноттар бойынша кірістілігі 8,36%. Ноттарға жиынтық сұраным ұсынымнан 2% артып, 1 408,5 млрд теңгені құрады.

Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы



*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.

Тәуекелсіз қысық кірістілігі




Апта қорытындысы бойынша орташа сараланған доллар бағамы 0,3% немесе 0,89 теңгеге төмендеп, 327,42 теңгені құрады. Сауда-саттық көлемі өткен аптамен салыстырғанда 10% төмендеп, 906,4 млн долларды құрады, өткен аптаға қарағанда орташа мәніне қайта оралды. Осы аптада ұлттық валюта бағамы салықтық кезеңнің ықпалында болды. Жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қазбаларды табу үшін салық төлеуге экспорттық түсімді теңгеге айырбастады, сонымен ұлттық валютаға сұранымды арттырды тем. Осы фактордың әсерінен бейсенбі күні орташа сараланған теңге бағамы 2,5 теңгеге нығайды, алайда жұма күні бұрын қол жеткізген позициясының бірқатар бөлігін жоғалтып алды. Соған қарамастан, апта қорытындысы бойынша теңге рубльден басқа, Қазақстан қор биржасында саудаланатын барлық валюталарға қатысты нығайды.

Ресей валютасы апта қорытындысы бойынша 0,0219 теңгеге өсіп, 5,3236 теңгені құрады. Ағымдағы аптада сауда-саттық жиынтық көлемі 191,0 млн рубльге жетті.

Еуро бағамы 4,10 теңгеге төмендеп, 383,9 теңге көлемінде тоқтады, мәміле көлемі 1,3 млн еуро.

Юань бағамы апта қорытындысы бойынша 0,6330 теңгеге төмендеп, 50,9790 теңге көлемінде қалды, мәміле көлемі 1,35 млн юаньді құрады.


Шет ел валюталарының бағамы динамикасы Δ %, база (01.01.17)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2017, %
— GBPKZT	436,21	-1,2	-4,1	-2,8
— USDKZT	325,75	-0,4	-0,0	-2,0
— EURKZT	382,04	-1,0	-4,0	-4,1
— CNYKZT	51,04	-0,7	-1,3	-0,1
— RUBKZT	5,31	+0,6	+0,4	-8,0

Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Brent мұнай құны USD/баррель





Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
S&P 500	2 721,33	0,3	3,1	12,7	0,2
Dow Jones	24 753,09	0,2	2,8	17,4	0,0
PTC	1 169,93	-0,3	2,8	8,0	-0,4
ММББ	2 285,53	0,0	0,0	17,4	-0,4
Hang Seng	30 588,04	-1,5	0,9	19,3	-0,8
SS CSI 300	3 816,50	-2,2	-0,3	9,5	-2,5
Euro Stoxx 50	3 515,36	-1,6	0,8	-1,9	-1,4
FTSEuroFirst	4 294,50	-1,5	2,7	-0,4	-1,5
FTSE 100	7 730,28	-0,6	4,8	2,8	-0,5
KASE	2 497,55	-1,4	3,3	60,7	

Шикізат нарығы

25.05.2018

Атауы	Бағасы	Тренд %	
		7к	1а
Мұнай	76,44	-2,6	3,3
	67,88	-4,8	-0,2
Табиғи газ	2,94	3,2	5,5
Мыс	306,70	0,5	-2,2
Темір	517,00	0,0	12,1
Алтын	1 302,25	0,7	-1,6
Күміс	16,48	0,6	-0,1
Астық	543,00	4,8	11,7

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
29.05 Тұтынушылардың сенім индексі СВ (мамыр)	USD	128,0	128,7
30.05 ЖІӨ (кв/кв) (1 кв.)	USD	2,3%	2,3%
31.05 Өңдеу секторындағы PMI (мамыр)	CNY	51,3	51,4
31.05 ТБИ (ж/ж) (мамыр)	EUR	1,6%	1,3%
31.05 Шикі мұнай қоры	USD	2,214M	5,778M
01.06 Саixin-нан Өңдеу секторындағы PMI (мамыр)	CNY	51,0	51,1
01.06 Жұмыссыздық деңгейі (мамыр)	USD	3,9%	3,9%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	6,5 %	01.05.18	7,1 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	30 649	01.04.18	30 745
Қаржы базасы, млрд KZT	4 799,9	01.05.18	5 538,7
Қаржы массасы, млрд KZT	18 940,9	01.05.18	19 456,0

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-тұрақты	12.03.18	BBB-тұрақты
	Вaa3 тұрақты	26.07.17	Вaa3 негативті
	BBB тұрақты	17.04.18	BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: 8 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.